



«29» тамыз 2024 жыл
Алға қ.

«29» август 2024 года
г. Алга

Бұйрық № 01-07/69-1

Қамқоршылық кеңесін құру туралы

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР-сы Заңының 44-бабының 9 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. №3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасында қамқоршылық кеңесі құрылып, құрамы бекітілсін.
2. МКҚК №3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасындағы қамқоршылық кеңесінің құрамы:
 1. Хасанова Балша Булатовна – ата-аналар комитетінің мүшесі, қамқоршылық кеңесінің төрағасы
 2. Редасова Сева – жеке кәсіпкер, ата-ана, қамқоршылық кеңесінің мүшесі, келісім бойынша
 3. Қаратаева Гүлбахыт – ата-ана, қамқоршылық кеңесінің мүшесі, келісім бойынша
 4. Иманғалиева Жазира Маратқызы- ата-ана, қамқоршылық кеңесінің мүшесі, келісім бойынша
 5. Сембаев Ержан- жергілікті полиция қызметкері, ата-ана, қамқоршылық кеңесінің мүшесі, келісімі бойынша

№3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасы
меңгерушісі:



А.Ш.Жиенкулова

«Бекітемін»
№3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасы МКҚК
меңгерушісі А.Ш.Жиенкулова



**2024-2025 оқу жылына арналған
№3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасы МКҚК
Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары**

№ р/с	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну	Қыркүйек	Ишмуханова Б.А Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Қамқоршылар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру.	Наурыз	Ишмуханова Б.А Қамқоршылық кеңес мүшелері
3	« 1-маусым Балаларды қорғау күніне» орай қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесіп акция ұйымдастыру, өткізу	Мамыр	Ишмуханова Б.А Қамқоршылық кеңес мүшелері
4	Балабақшадағы балаларға берілетін, тағамның сапасына мониторинг жүргізу.	Қараша	Ишмуханова Б.А Қамқоршылық кеңес мүшелері
5	Қамқоршылық кеңесінің есебі	Желтоқсан	Ишмуханова Б.А Қамқоршылық кеңес мүшелері

«№3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасы» МКҚК
Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

Күні: 06.09.2024ж

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі А.Ш.Жиенкулова сөз алып, Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші А.Ш.Жиенкулова қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы, ашық есік күнін ұйымдастыру сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. 2024 жылдың қаңтар айынан 2025 жылдың желтоқсан айына дейін бес отырыс өткізіледі деп шешті.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Қабылданған шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Қамқоршылық кеңес хатшысы:



А.Ш.Жиенкулова

Б.А.Ишмуханова

**«№3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасы» МКҚК
Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

Күні: 17.03.2025 ж

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру.

Қатысқандар: балабақша меңгерушісінің уақытша міндетін атқарушы, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша 2025 жылдың 17 наурыз күні балабақшамызда қамқоршылар шақырылып, оларға арналып, мерекелік шағын концерт өткізілді. Балабақша бүлдіршіндері қамқоршыларға өз өнерлерін, әндерін айтып, билерін билеп, жаттап келген тақпақтарын айтып берді. Концерттік бағдарлама аяғында Қамқоршылық кеңес төрайымы Текеш Серікбай Нургазиевич ұйымдастырылған концерттік бағдарлама жақсы өткендігін айтып, қамқоршыларды мерекелерімен құттықтап, алғыс хатпен марапаттап сөз сөйлеп алғысын білдірді. Қамқоршылар балабақша әкімшілігіне өз алғыстарын білдірді. Сөйледі: сөз алған қамқоршылық кеңес мүшесі Каратаева Гульбахыт балабақша ұжымына, бүлдіршіндерге алғыс білдіріп, осындай іс-шаралар келешекте өз жалғасын таба берсін деп өз тілегін айтты.

Қабылданған қаулы:

1. Қамқоршылар үшін ұйымдастырылған ашық есік күні қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Қамқоршылық кеңес хатшысы:



Айсина А.С

Ишмуханова Б.А

«№3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасы» МКҚК
Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 ХАТТАМАСЫ

Күні: 13.05.2025 ж

Күн тәртібінде:

1. «1-маусым балаларды қорғау күніне» орай қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесіп акция ұйымдастыру, өткізу.

Қатысқандар: балабақша меңгерушісінің уақытша міндетін атқарушы, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі Молдабаева Ботагөз жазғы сауықтыру мезгілінде балабақшада жүргізілетін шынықтыру шаралары жайлы хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында күнмен, сумен, ауамен шынықтыру түрлерін атап көрсетті. Жазғы уақыт бала ағзасын шынықтыруға қолайлы уақыт екенін атап айтты. Күнмен ойын барысында, таза ауадағы серуен кезінде бала ағзасы күнмен шынығатынын, жабық бассейндегі сумен ойындар кезінде, сумен шынығу жұмыстары жүргізілетінін, таза ауадағы таңертеңгі жаттығулар, таза ауадағы серуен, қимылды ойындар баланың ауамен шынығуына мүмкіндік беретінін айтты. Шынықтыру шараларын жүргізу әдістемесіне тоқталды.

Балабақша әдіскері Б.А.Ишмуханова жазғы сауықтыру мезгілінде жүргізілетін іс-шаралар жоспарымен таныстырды. Атап айтқанда, балаларға арналған мультфильмдер көрсетілімі, спорттық эстафеталық сайыс, шығармашылық галерея, ертегі қойылымдары, патриоттық әндер байқауы, би фестивалі сияқты шаралар жоспарланғанын атап өтті.

Қабылданған шешімдер:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру іс-шаралар жоспары өз деңгейінде жоспарланған деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы
Қамқоршылық кеңес хатшысы:



Айсина А.С
Ишмуханова Б.А